


XX–XXI ғасырлар тоғысы  
Қазақстан үшін алапат  
өзгерістердің ғана емес,  
дүниені дүр сілкіндірген  
Ұлы Бетбұрыс уақыты  
болды.

Елбасы  
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



Akimat LIVE:  
КӨГАЛДАНДЫРУ –  
КӨПТІҢ ІСІ

3

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



5

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА  
ӘРКІМ  
МАҢЫЗДЫ!»

12



www.almaty-akshamy.kz



## БИЫЛ 360 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ



«Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында, «Шетсіз қала» қағидатымен Алатау, Түркісіб, Наурызбай аудандарында 100 шақырымнан аса жол салынады. Оған қоса, бірнеше жолайрықтар мен магистральды көшелердің құрылысы жалғасады.

Алматыдағы жолдың ұзындығы 3100 шақырымға жуық. Одан күніне 700 мыңнан аса көлік өтеді. Оның үстіне, мегаполис халқы жыл санап өсіп келеді. Тұрғындар да, қала қонақтары да жолдың ерекше маңызға ие екенін жақсы біледі. Сондықтан қала әкімдігі бұған қатысты инфрақұрылым мәселесін бірінші орынға қойып отыр.

2

## «ЕКПЕ АЛУ – ӘР АДАМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫ»

вакцинадан емес, вирустан келер қауіп көп



Бүкіл әлемнің COVID-19 коронавирустық инфекциясымен күресіп келе жатқанына бір жарым жылдай уақыт болды. Жер бетіндегі адамзаттың денсаулығына осы індеттен төнген қауіп күні бүгінге дейін сейілер емес. Дүние жүзін жайлаған індеттен қаншама адам ажал құшты. Ғалымдар дер кезінде вирусқа қарсы вакцина ойлап таппағанда, бұл індеттің салдары қандай болатынын тіпті елестетудің өзі қиын.

(Жалғасы 5-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Мемлекет басшысы Алматыдағы №2 жылу-электр орталығына газ-бу қондырғысын орнатуды тапсырды.
- Әлемнің 12 елінде қазақ тілін үйрететін 31 онлайн-сынып ашылды.
- Мәжіліс депутаттары Алматыдағы өнеркәсіптік парктер жұмысымен танысты.
- Қалада 39 нысан «Ashyk» жобасынан шығарылды.
- 25 шілдеге дейін Достық даңғылының әл-Фараби даңғылынан Оспанов көшесіне дейінгі бөлігі уақытша жабылады.
- «Алматы жылу желілері» ЖШС-нің хабарлауынша, 2021 жылдың 12–16 шілде аралығында Түркісіб ауданында орналасқан бірнеше үй мен ғимаратта ыстық су тоқтатылады.



## БИЫЛ 360 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ



Айкерім  
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматыда жол инфрақұрылымы бұрынғы көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу, жаңа ықшамаудандарға жол салу, магистральды көшелер мен жолайықтардың құрылысы сияқты 3 бағыттан тұрады. Ал жол сапасы жауапты мекемелердің қадағалауында. Сапа талапқа сай болмаған жағдайда айыппұл

(Басы 1-бетте)



салынып, мердігер компаниялар лицензиясынан айырылады.

Биыл шаһарда жыл басынан бері 120 тексеріс жүргізіліп, 101 ақау анықталды. Оның 25-і қалпына келтірілді. Қалғаны қалпына келтіру барысында. Оған қосымша 220 шаршы метр жолдың жабынын қайта жасатуға ұсыныс берілді. Дегенмен, қалада әлі де асфальт төселмеген 300 шақырымға жуық жол бар. Қала басшылығының айтуынша, ондағы халықтың талап-тілегі ескерусіз қалмайды. Көп ұзамай ол жерге де инфрақұрылым тартылады. Айта кетейік, Алматыда құрылыс жұмыстарымен қоса, 3 ірі жол-айрық салынып жатыр.

## Мегаполистегі эпидахуал: «дельта» штамы өршіп тұр



Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

Ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және COVID-19-дың таралуын алдын алу шаралары туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында қаланың Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин және Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев хабарлады.

Өткен тәулікте Алматыда қауіпті індетті жұқтырған 638 жаңа жағдай тіркелді. Бұл – биылғы жаздағы антирекорд. Маусым айының соңғы күндері ауруға шалдыққан 600 жағдай анықталды. Бұл коронавирустың «үнді» штамының таралуымен байланысты.

«Жыл басынан бері қалада коронавирус инфекциясын жұқтырған 60 мыңнан астам жағдай тіркелді. Шілде айының басынан бері 4610 адам қауіпті індетке шалдыққан. Ал өткен аптада 3085 жағдай тіркелді. Алдыңғы аптамен салыстырғанда 1,4 есе артық.

«Дельта» нұсқасы аса жұқпалы және оның клиникалық сипаты ауыр. Өздеріңіз білетіндей, кезекті зерттеулерде «дельта» корона-вирусының айналымдағы нұсқалары 78-80% басым дәрежеде, «альфа» («Британдық») 16%, COVID-19 («Ухань») 3%-ды құрайды», – деді спикерлер.

Өткен 7 күнде «симптомдық» науқастардың үлес салмағы 2 есе, яғни 53%-дан 88%-ға дейін өсті. «Симптомдардың» үлесінің артуы ауыр клиникалық көріністерді тудыратын «дельта» патогендік нұсқасының таралуымен байланысты. Талдау нәтижесінде соңғы екі аптада балалар мен жастар вирус жұқтырған. 14 жасқа дейінгі балалардың 13%-ы инфекция жұқтыруға бейім.

Алматының Бас санитар-дәрігері коронавирустың жаңа штамының тез таралатынын әрі қала тұрғындарының денсаулығы үшін қауіпті екенін ескертті. Сондай-ақ, Ж.Бекшин бетперде режимін сақтау әрі оны жиі ауыстыру қажет екендігін ескертті.

### «Ashyq» жобасы бойынша айыппұл азаймай тұр

«Қызыл» мәртебесі бар келушілерге 10 маусымнан бастап мониторинг қорытындысы бойынша карантин режимін бұзған 32 қала тұрғынына айыппұл салынды.

«Бүгінде «Ashyq» жүйесі жұқтырғандардың карантин режимін сақтау әрі инфекцияның таралуына жол бермеу бақылауда. 2021 жылы 9 сәуір мен 8 шілде аралығында қоғамдық тамақтану нысандарында сканерлеу кезінде «қызыл» мәртебесі бар 323 адам тіркелді. Фитнес, бассейн орындарында – 164, кинотеатрда – 79, СОСО – 24, ХҚКО келушілердің арасында – 21 адам анықталды. Тәртіпбұзушыларға 10 маусымнан бастап 30 АЕК бойынша 32 айыппұл салынды. Өткен аптада 10 айыппұл салынды», – деді Ж.Бекшин.

«Ashyq» жүйесінің мәліметтері бойынша, Алматы қаласында 2021 жылы 28 маусым мен 1 шілде аралығында сканерлеу нәтижесінде кәсіпкерлік нысандарына кірген кезде 28 тұрғынның «қызыл» мәртебесі және 9 адамның «сары» мәртебесі расталды. Көп жағдайда «қызыл» мәртебе тамақтану орындарына, фитнес-орталықтарға, кинотеатрларға және әуежайға келушілерден анықталады.

## ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Биыл құрбан шалу рәсімін өткізу екі жолмен жүзеге асырылады

Биыл барша мұсылмандардың ұлық мерекесі – Құрбан айт шілде айының 20-22-сі күндеріне сәйкес келіп тұр. Соған орай, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсіміне қатысты төмендегі түсіндірмені ұсынады.

Биыл құрбан шалу рәсімін өткізу екі жолмен жүзеге асырылады:

1) Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханаларда санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып құрбан шалу рәсімін офлайн-режимде, яғни дәстүрлі жолмен ұйымдастыру.

2) Бүгінгі пандемия жағдайында құрбан шалушыға қолайлы жағдай жасау және көмекке мұқтаж жандарды қолдау мақсатында өткен жылдың тәжірибесін қолданып, құрбан шалу рәсімін шарияттағы «өкілдік» қағида-сына сәйкес www.qurban2021.kz сайты арқылы онлайн-режимде жүзеге асыру.

Жобаның мақсаты – қайырымдылыққа дәнекер болу, халықтың денсаулығы мен өміріне төнген қауіпті сейілтуге үлес қосу, құрбан шалуға ниет білдірген жандарға карантин жағдайында оңтайлы жол ұсыну.

Екіншіден, карантин жағдайында қалада тұрып жатқан азаматтар үшін қашықтан өз атынан құрбан шалуға тапсырыс беру – оңтайлы шешім. Шарият бойынша адам өзінің атынан басқа кісіні белгілі бір іске уәкіл ете алады. Өйткені, адам баласы кейбір жағдайда бір істі орындауға мүмкіндігі болмай қалады. Осы кезде біреудің көмегіне жүгінеді, яғни сол істі оған тапсырады, оны өзінің атынан уәкіл етеді.



Үшіншіден, ауылдық жерде жеке тұрғын үйде тұратын әр адамның мұсылмандық міндетін атқаруына ҚМДБ тарапынан ешқандай шектеу жоқ екенін жеткіземіз.

Төртіншіден, ханафи мәзһабында Құрбан айт күндері дәулетті, ауқатты, бай адамдарға құрбан шалу – уәжіп (міндет). Шариятымыз бойынша «бай» деп мал-дүниесі нисап мөлшеріне жеткен адамға айтылады. Нисап мөлшері – 40 қой (ешкі), 30 ірі қара, 5 түйе немесе қажеттілігінен артық 85 гр алтын (1 230 000 теңге) қаражат. Мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетпеген, яғни жағдайы төмен мұсылманға құрбан шалу міндет емес.

Бесінші, Республика бойынша мұқтаж отбасылар құрбандық етін алу үшін www.qurban2021.kz сайты арқылы биыл 20 шілде күні айт намазынан кейін өтініш білдіре алады. Мұқтаж отбасылардың өтініштерін қабылдау, сараптау және құрбандық еттерін жеткізіп беру жұмыстарымен ҚМДБ-ның жергілікті өкілдіктері айналысады.

Алтыншы, ҚМДБ қаржыға араласпайды. Құрбандыққа шалынатын түлік бағасы жергілікті нарық бағасымен көрсетіледі. Осы орайда еліміздің әр аймағындағы малдың бағасы әртүрлі екенін ескеру қажет. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және облыс орталықтарында малдың бағасы бірдей болмауы мүмкін.

Тапсырыс берушіден түскен қаражат мал иесіне, яғни сатушыға тікелей беріледі. Өйткені, бұл делдалдық қызмет емес. Көрсетілген сомаға қасапшының қызметі ғана кіреді. Ал құрбандық етін бөлшектеп, мұқтаж жандарға тарату сынды барлық ұйымдастыру жұмыстары ҚМДБ мешіт жамағаты мен еріктілердің көмегі арқылы тегін жүзеге асады. Бұл – құрбан шалуға тапсырыс беруші азаматтар үшін үлкен жеңілдік.

Жетінші, сайт арқылы тапсырыс қабылдап, құрбандық етін көмекке зәру жандарға тарату тәжірибесі Сауд Арабиясы, Түркия, Малайзия, Индонезия, Біріккен Араб Әмірліктері сынды бірқатар мұсылман мемлекеттерінде бұрыннан қалыптасқан жүйе. Бұл жыл сайын игі дәстүрге айналған. Жобаның басты ерекшелігі – құрбандық етін түгелдей мұқтаж азаматтарға тарату.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегаполисте жыл  
басынан бері

**570 000**

шаршы метрден астам  
тұрғын үй салынды



Алматыда

**515**

автобус газбен жүреді



Шаһарда «Еңбек»  
бағдарламасы аясында

**13 000**

адам жұмысқа  
орналасады



Биыл мегаполисте

**40,5 шақырым**  
су құбыры тартылды



Ағымдағы жылдың  
бірінші тоқсанында  
қаланың туризм  
саласына


**29,6 млрд. теңге**  
инвестицияланды



# Akimat LIVE: КӨГАЛДАНДЫРУ – КӨПТІҢ ІСІ

**Бақытжан САҒЫНТАЕВ:**

*Экология мен көгалдандыру – қала тұрғындары үшін ең маңызды мәселе. Жасыл қала мәртебесін қайтару үшін бірқатар шаралар іске асуда. «Алматы–2050» Стратегиясының даму жоспарында көрсетілгендей, негізгі басымдық – «Жасыл қала». Біздің басты мақсатымыз – өмір сүруге қолайлы қала құру.*



## КЕШЕ

- 2019 жылы қаланың жасыл қорын қалпына келтіру, дамыту мақсатында «Жасыл Алматы» бағдарламасы жарияланды. Жасыл экономика басқармасының мәліметі бойынша, 2019 жылы #JasylAlmaty акциясы аясында 135 мың жасыл желек отырғызылды.
- 2020 жылғы рекордтық көрсеткіш – 282 мың көшет отырғызылды. Атап айтсақ, Алатау ауданында – 187 мың, Түрксібте – 46 мың және Медеу ауданында – 21 мың көшет отырғызылған. 2020 жылы қаланы жасыл желекпен қамтамасыз ету бір адамға шаққанда 4,6 м<sup>2</sup> құрайды.

## БОЛАШАҚТА:

Алматы қаласында 2030 жылға дейін көгалдандыру стратегиясы іске асырылып, 3 парк, 25 сквер салынады.  
«Алматыны дамыту – 2025» бағдарламасы аясында қалалық экожүйені біріктіретін және биоәртүрлілікті қолдайтын қаланың «жасыл желісін» құру міндеті қойылды.  
2022 жылға дейін көпжылдық өсімдіктерді 27 мың м<sup>2</sup>-тан 101 мың м<sup>2</sup>-қа дейін ұлғайтып, біржылдық өсімдіктерді азайту жоспарлануда.

## БҮГІН

- 2021 жылы 350 мың ағаш отырғызылады. Өткен жылы 282 мың ағаш егілген. Н.Ливинскаяның айтуынша, барлық отырғызылған ағаштарды екі жыл бойы мердігерлік ұйымдар суарады.
- Жасыл экономика қорының мамандары жасыл желекті ұлғайту аясында 150-ден астам мекенжайға барып, алматылықтарға 1500 жапырақты ағаш көшеттерін таратты.
- Көшеттермен бірге қала тұрғындарына отырғызу және күту ережелері бар брошюралар берілді, сонымен қатар олар күтім туралы кепілдік міндеттемелерге қол қойған.



## КЕРЕК ДЕРЕК

- Жасыл желектерді суарумен 20-дан астам мердігер компания айналысады.
- Декоративті-сәндік гүлдерді суару мен күту жұмыстары күнделікті алты мердігер ұйымның көмегімен Жасыл экономика басқармасының қолдауымен жүргізіледі. Оған 30 су таситын көлік, 250 жұмысшы жұмылдырылған.

## Күніне үш рет суғарылады

Алматыда күннің шамадан тыс ысуына орай көшедегі және саябақтағы жасыл желектерді суару жұмыстары күшейтілді. Мәселен, бір ғана Алатау ауданында қаланы көгалдандыру жұмыстарына 10 техника мен 20 адам жұмылдырылған. Мамандар ағаштарды суарудан бөлек, жаяу жүргіншілер мен көлік жүретін тас жолдарды да сумен шайып жатыр. Бұл жолдарды тазалықта ұстап, асфальт жамылғысының

сапасын сақтауға мүмкіндік береді. Себебі, күн ысығанда жолдардың жоғары қабаты балкып, асфальттың рельефі өзгеріп кететінін мамандар ескертіп отыр.  
Суару жұмыстары арнайы бекітілген кесте бойынша күніне үш рет: таңда, кеште және түнде жүргізіледі. Бұл жұмыстар қаладағы эпидемиологиялық ахуалға байланысты, санитарлық нормаларды сақтай отырып орындалады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## Қоғамдық кеңістіктер

Алматыны жасыл қормен қамтамасыз етуде қала әкімдігінің қолдауымен ауқымды жобалар қолға алынды. Осы орайда шаһардағы Түрксіб ауданында аумағы 100 га алып жатқан «Желтоқсан» саябағы ашылды. Рекреациялық аймаққа Әуежай көлінің жағалауы кіреді. Мұнда 100 қылқан жапырақты ағаштар отырғызылды.



**Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

**Алып шаһар әсем табиғатымен әдемі, жасыл желегімен көркем.**

Жасыл желекпен қамтамасыз ету аясында бүгінде Алматыда көгалдандыру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. Жыл сайын алып қаланың жасыл қорын ұлғайту үшін ағаштар отырғызылып, гүлдер егу, жаңа саябақтар ашу секілді арнайы жобалар қолға алынып жатыр.

Экология мен көгалдандыру жұмыстары алматылықтар үшін ең өзекті мәселелердің бірі екені рас. Бұл ретте мегаполис әкімі Алматыны «Жасыл қалаға» айналдыру – басты мақсат екеніне басты назар аударып отыр. Ғылыми деректерге сүйенсек, белгілі бір аймақтың 15%-ы көгалдандырылса, шаң-тозаңның мөлшері 20%-ға кемиді, 35%-ға өсімдік өсірілсе, шаң 50%-ға азаяды, ал 65%-ға өсірілсе, шаң 95%-ға кемиді екен.

## КЕРЕК ДЕРЕК

- Ең көп ағаш Алатау, Наурызбай және Түрксіб аудандарында отырғызылды.
- Жасыл экономика басқармасының мамандары қала тұрғындарына тегін көшет таратты.
- LED-экрандарда отырғызылған ағаштар саны туралы бейнероликтер іске қосылды.



## «Мен сенімен біргемін»

Шаһарда онкологиялық ауруға шалдыққан балаларды қолдау мақсатында «Мейірімді өнім» қайырымдылық жобасы басталды



Ақтолқын  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда онкологиялық ауруға шалдыққан балаларды қолдау мақсатында «Здоровая Азия» қоғамдық қоры «Ergo-rask» және «Көктем» компанияларымен бірлесіп «Мейірімді өнім» қайырымдылық жобасын бастады. Бұдан былай супермаркеттерден өнім сатып алған сәтте «Мен сенімен біргемін» арқылы балалар хосписіндегі қатерлі ісікке шалдыққан балаларға көмектесуге болады.

Жобаны ұйымдастырушылардың бірі Мария Ледяева коронавирус індеті әлемнің әр елі үшін қиын сынаққа айналғанын мәлімдеді. «Пандемия – қайырымды жандар тарапынан жасалатын ізгі бастамалардың артуына серпіліс берді. Біз онкологиялық ауруға шалдыққан балалар хосписіне көмек қажет екенін білдік, өйткені карантин олардың қаржылық жағдайын қиындатты. Оның үстіне, хосписіте тұрақты тұратын және хосписінің оңалту бөліміне тіркелген, сондай-ақ жылжымалы қызметтің тұрақты медициналық бақылауындағы балаларға медициналық қолдау қажет. Хосписіте қаржылық көмексіз шешімдерін ай сайынғы қажеттіліктер бар. Сондықтан осы акцияны ұйымдастырып, оларға қолдау көрсетуді ұйғардық. Акцияға «Мелочи жизни» мен «STR8» сауда маркалары да қатысады», – деді М.Ледяева.

Осы сауда маркаларының тауарларын сатып алып, мегаполистің әрбір тұрғыны түсімнен түскен қаражаттың бір бөлігі ауру балаларға көмектесуге жұмсалатынына сенімді бола алады. Бұл ретте өнімді

үнемдеуге және акциялық тауарды 45%-ға дейін жеңілдікпен сатып алуға болады.

8 шілдеден бастап науқанға «A-Store» («ADK» COCO), «Cosmart» (дүкендер желісі) және «Carefood» супермаркеті мен дүкендері қосылды. 15 шілдеден бастап сөрелерден «Добрый продукт» акциясын көруге болады. «Сабыржан» (Тоймарт), «Магнум» мен «Small» желілерінде 21 шілдеден басталады.

Марияның айтуынша, ол кеше ғана @detskyhospis балалар хосписінде болған (инстаграмдағы парақша). Қазіргі уақытта стационарда 13 жасқа дейінгі 6 бала ауыр халде жатыр. Ем алып жатқан жағдайы ауыр науқас пен ремиссия жағдайындағы балалар да бар. Олар хосписінің емделу бөлімінде.

«Менің ойымша, қазір балалар хосписінің оңалту бөлімінде 12 бала бар. Кейбір балалар үйде тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық топтың бақылауында. Олар да қаржылық қолдауды қажет етеді. Сондай-ақ, көшпелі қызметтің тұрақты қамқорлығында 320 бала бар. Балалар хосписінің миссиясы балаларға қайғы-қасіретсіз жарқын өмір сыйлау. Мұнда балаларға өмірдің қалған күндерін қуанышпен өткізу үшін барлық күш-жігер мен қамқорлық көрсетіледі. Алматының тұрғындары мен оның қонақтары науқас жандарға көмек беретініне сенемін. Сондай-ақ, басқа компаниялар да бізге қолдау көрсетеді деп үміттенеміз. Жақсылық жасау оңай», – дейді М.Ледяева.

Айта кетерлігі, ұйымдастырушылар ірі сауда желілерін қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, атсалысуға шақырады. Акция Нұр-Сұлтан, Тараз, Шымкент, Қарағанды, Петропавл, Өскемендегі сауда желілерін қамтиды.

## Мықты болсаң, озып көр!



Рая  
ЕСКЕНДІР

Кейде адамның жасы келген сайын сергіп, ширай түсе ме дейсіз. Әсіресе, қалада тұратын қариялар қимыл-

қозғалысы мол спортқа жақын келеді. Содан да болар, Жетісу ауданы аумағында тұратын зейнеткерлер «Гүлдер» саябағына келіп, спорттың бірнеше түрімен айналысады. Қарияларға спорттың скандинавтық жүріс атты түрі ерекше ұнайды.

Жақында Жетісу аудандық Ардагерлер

кеңесінің ұйымдастыруымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен елорда күні құрметіне орай, «Скандинавтық жүріс - денсаулық кепілі» атты марафон өтті. Алдымен жарысқа қатысушылар скандинавтық жүріске арналған таяқшаларымен сапка тұрып, өздерінің сакадай-сай екендіктерін танытты. Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы барша спорттық жарысқа қатысушыларды құттықтап, денсаулыққа оң әсер ететін, қимыл-қозғалысы мол жарысты серік етуге шақырды.

Осыдан соң, зейнеткер-спортшылар саябақты айнала 5 шақырым жүріп өтуге бел байлап, жарысты бастап кетті.

– Скандинавтық жүрістің пайда болғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Қазір әлемнің бірнеше мемлекетінде спорттың осы түрімен айналысып, осы арқылы аяқ-қол мен бұлшық еттің жұмысын жақсартуға болатынын дәлелдеп отыр. Адам әрдайым қимыл-қозғалыста болса, денсаулығы жақсарады. Скандинавтық жүріс те қарияларымыз үшін қан тамырларының, жүрек пен өкпе жұмысының белсенді түрде жақсаруының ең тиімді тәсілі, – деді Тамара Шәкірова.

Дәл осы күні ерлер арасында шахматтан да жарыс өтті. Қазір ауданда тұратын қариялар үшін спортпен айналысу күнделікті әдетке айналған.

#QAZAQSTAN30

## Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...

Әсия  
ҚАЙРАТҚЫЗЫ,  
ҚазҰУ-нің  
«Биология және  
биотехнология  
факультетінің»  
Биотехнология  
кафедрасының  
оқытушысы:



– Тәуелсіздік! Бостандық! Кім-кімнің де жүрегіне жағымды, жайлы сөз. Қалай тебіренбессің? Қалай толқымассың?! Міне, көзді ашып-жұмғанша осы жылы қазақ халқы тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлайды. 30 жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес, зайырлы ел болды. Бұл – ата-бабадан келе жатқан ұлы жеңістердің жемісі. Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарға қол жеткізді. Тәуелсіздік – ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміз ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті көк туымыз мәңгі желбіресін!

Дарын  
ӘБІЛЖАНОВ,  
«100 жаңа есім»  
жеңімпазы, ерікті:

– Тәуелсіздік мен үшін бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі арман. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып, еліміз үлкен жетістіктерге жетті. Соның ішінде елімізде медицина қарқынды дамыды. Бүгінде ауырсынып ем іздеген барша жүр шет елді кезбей өз жерімізде, тұрғылықты мекенжайында ем алып жүрген жайы бар. Мысалға, мен пандемия басталғалы Жұппалы аурулар орталығында ерікті болып қызмет етемін. Бос уақытымда қараша халыққа үй жағдайында денсаулығын жақсартуға көмек көрсетемін. Мен бұл жұмысымды Тәуелсіз еліміздің алдындағы азаматтық борышым деп білемін. Біз, жастар, найзаның ұшымен, білектің күшімен келген Тәуелсіздікті қастерлеуіміз қажет. Еліміз үшін аянбай еңбек етуіміз керек, әрбіріміздің тамшыдай болса да, үлесіміз маңызды. Мен егемен елдің ұрпағы екеніме қуанамын. Мен бақыттымын. Ұлтымызға қызмет жасау мемлекетіміздің барша азаматына парыз.



Дәурен  
МЫНБАЕВ,  
«Nur Otan»  
партиясының  
үйлестірушісі:



– Биыл Қазақ елі тәуелсіздігінің, арайлы азаттығының 30-жылын қарсы алып отыр.

Тәуелсіздік мен үшін «ӘЛІППЕ» кітабымен байланысты. Неге екенін, сол қазақ тілін үйреткен «алтын кітаптың» басты бетінде Ыбырай ағартушының «Кел, балалар, оқылық» деген өлең жолдары және Елбасының оқушыларға арнаған ізгі тілегі мен қолы тұрушы еді. Өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілінде ойлану мүмкіндігіне ие болу деген тәуелсіздіктің мәлдір бастауы шығар.

Сонымен қатар, тәуелсіздік азаттық жолында от кешкен ата-бабамыздың мұнды сағаттары мен қанды жолы үшін тарихтың қайтарымы, өтеуі сынды.

Ел егемендікке ие болғаннан кейін елдің топырағында дүниеге келген өрендердің бірімін. Егемен елмен бірге өсейін, бой түзедім. Өзімді тәуелсіздіктің баянды болуына толықтай жауаптымын деп білемін.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

## Көк желек жайқалып тұр

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған игі іс-шаралардың бірі де бірегейі – қаламыздағы көгалдандыру жұмыстарының жүйелі түрде қолға алынғандығы еді. Осы мақсатта Жетісу ауданы аумағында да бірнеше рет тал-терек отырғызылды.

Көктемде аудан басшысы Гүлнар Көкебаева бір топ «желтоқсаншылармен» бірге әртүрлі жеміс ағашының 100 түп көшетін отырғызған еді. Бүгінде Ангарская көшесінің бойындағы бос жатқан аймаққа егілген жас көшеттердің желегі жайқалып тұр. Уақытылы суарылып, күтім жасалып жатқаны байқалады. Көп жағдайда отырғызылған көшеттер солып, қурап қалып жатады. Оны тұрғындардың өздері де байқап, жанайқайын жеткізіп отырады. Сондықтан аудан әкімшілігінің көгалдандыру бөлімі жеміс ағаштарын уақытымен суарып, баладай баптап, басты назарда ұстап отыр. Енді аздаған жылдан кейін қала тұрғындары осы маңның өзінен-ақ бал шырынды жемістерді жинап алатын болады.

Р.ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.





Соңы. Басы 1-бетте.

Күннен-күнге өршіп, түрленіп, мутацияға ұшырап, жаңа штамдары пайда болып жатқан вируспен күресудің ең тиімді жолы біреу ғана, бұл – жаппай вакцина алу болып тұр. Мамандардың айтуынша, адамдар бетперде тағып, әлеуметтік қашықтықты сақтап, қанша оқшауланғанымен екпе алмаса, вирустан жүз пайыз сақтану мүмкін емес. Сондықтан да әлемдегі медицина сала-сының қызметкерлері, ғалымдар халықты жаппай вакцина алуға шақырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев барша қазақстандықтарды вакцина алуға шақырды. Мемлекет басшысы антиваксерлердің сөзіне ермей, ғылымның жетістігіне сенудің маңызын атап өтті. «Екпе алу – әр адамның азаматтық парызы», – деді Президент.

Қазіргі таңда Қазақстанда ерікті түрде вакцина алушылардың саны алғашқы кезеңдермен салыстырғанда әлдеқайда артты. Қазақстандықтарға екпе биылғы жылдың 1 ақпаннан бастап салына бастаған болатын.

Соңғы мәлеметтер бойынша, бүгінгі таңда Қазақстанда 4 241 859 адам COVID-19-ға қарсы вакцинаның алғашқы дозасын алды. Республиканың 2 389 756 азаматы толық иммундаудан өткен. Еліміз бойынша екпе алған азаматтардың басым көпшілігі Ресейдің «Sputnik V» вакцинасын таңдаған. Қазір осы вакцинамен әлемде 5 миллионнан астам адам вакцинацияланды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ең алғашқы болып «Спутник V» вакцинасын коронавирус инфекциясына қарсы қолдануға рұқсат берген болатын. «Спутник

## «Екпе алу – әр адамның азаматтық парызы» ВАКЦИНАДАН ЕМЕС, ВИРУСТАН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП



V» – ағзаның аденовирустық платформасына негізделген вакцина. Әлем бойынша алғашқы тіркелген Ресей екпесі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тізіміндегі вакциналардың алғашқы ондығына енген. Ғалымдардың зерттеуінше, «Спутник V» вирустың жаңа штамдарына да қарсы тұра алады. Осы күнге дейін екпе салдырғандардың арасында вакцинаға аллергиялық

реакция байқалмаған. «Спутник V» екпесі Біріккен Араб Әмірліктері, Үндістан, Венесуэла, Оңтүстік Корея және Беларусь секілді әлемнің 67 елінде қолданылады. «Спутник V» – тиімділігі 90%-дан асатын әлемдегі үш вакцинаның бірі. Вакцинаның тиімділігі 97,3% деңгейінде.

Таяуда британдық Nature журналында «Спутник V» коронавирусына қарсы ресейлік

вакцина туралы материал жарық көрді. Мақалада «Спутник V» вакцинасының қауіпсіз және тиімді екеніне жан-жақты шолу жасалған. Шетелдік беделді басылым вакцинаның әлемді жайлаған індетпен күресуде алатын орны ерекше екенін жазды.

ҚР ДСМ Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы директорының клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Ләззат Ералиева вакцина коронавирустық инфекцияның дамуына түрткі болмайтынын, сондай-ақ созылмалы аурулардың өршуіне алып келмейтінін айтады.

«Вакцина коронавирус ақуызының белгілі бір түріне антиденелер шығаруға бағытталған. Қазақстанда қазір үш вакцина бар. «QazVac» және «Hayat-Vax»-белсенді емес вакциналар, олардың құрамында «өлтірілген» вирус бар, сондықтан бұл вакциналар адамның жағдайын нашарлата алмайды. «Спутник V» – векторлық вакцина және коронавирус ақуызының тасымалдаушылары аденовирустар. Сондықтан вакцинациядан кейін тұмауға ұқсас синдром болуы мүмкін. Бірақ бұл адамның денсаулығына қауіпті емес, қайта ағзаның вирусқа төзімділігін арттырып, қарсы иммунитет қалыптастырады», – дейді маман.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

### ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

#### Шектеулер алынып тасталады

Англияда 19 шілдеден бастап ғимарат ішінде бетперде тағу талабы алынып тасталады. Үйде алты адамнан артық жиналуға, кеңсеге барып жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Қоғамдық орындар, тіпті түнгі клубтарға дейін түгел ашылады. Концерттер мен футбол ойындары көрермендерінің санына қойылған шектеулер алынып тасталады. Вакцина салдырғандардың саяхаттан оралған соң үйде оқшаулану мәселесі де жақын күндері шешімін таппак.

Ұлыбритания екпе салдырғандар саны бойынша Еуропада көш бастап тұр. 19 шілдеге дейін ересектердің үштен екісі вакцинаның қос дозасын алып үлгеріп деген жоспар бар. Аталған елде күзде вакциналау науқанының қосымша бағдарламасын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Қыркүйекте халықтың тең жартысына ковидке қарсы екпенің үшінші дозасы ұсынылмақ. Вакцина алдымен 50-ден асқан адамдарға қос иығына егіледі. Үшінші екпенің ковидке қарсы иммунитетті нығайта түседі деген үміт бар.

Тағы бір ақпарат Оксфорд ғалымдары бұған дейін Astra-Zeneca және Pfizer екпелерін араластыру арқылы олардың тиімділігін жоғарылатуға болады деген шешімге келген еді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл ғылыми жаңалықты құптағанымен, Ұлыбританияда вакцина қоры жеткілікті болғандықтан, ел билігі екпелерді араластыруды әзірге жоспарлап отырған жоқ.

#### Дәрігер мен науқасты байланыстыратын құрал

Британиялық ғалымдар дәрігерлердің бір-бірімен және науқастармен сөйлесуіне мүмкіндік тудыратын құрылғы ойлап тапты. Бұл құрал дәрігердің даусын бірнеше есе зорайтып, маңызды ақпаратты тез және кедергісіз жеткізуге жол ашады. Жаңа құрылғыны жасауға «Формула 1» жарыс

көлігінің инженерлері қатысқан. Олар бетперде мен тығыз қорғаныс киімін кигенде, құралдың ішіне шағын микрофон орнатып, ақырын дауыспен-ақ сөйлесуге мүмкіндік жасады.

#### Вакцина балаларға сыналады

Мәскеуде «Спутник V» вакцинасын жасөспірімдерге қолдану үшін зерттеу басталды. Сынаққа 100 адам қатысып жатыр. Еріктілер ПТР-тест тапсырып, медициналық тексерістен өтеді. Ресей астанасы әкімшілігінің хабарлауынша, зерттеу бір жылға созылады. Осы аралықта балалар дәрігерлердің тұрақты бақылауында болады. Сынақ 3 кезеңнен тұрады. Үшінші кезеңге еріктілерді қабылдау күзге қарай басталады. Зерттеу нәтижесіне байланысты «Спутник V» вакцинасын 12–17 жастағы балаларға қолдану бойынша шешім қабылданады.

#### Мамандығын ауыстырғандар көбейген

Әлемде COVID-тен кейін мамандық ауыстырғандар көбейген. Чехияның еңбек нарығында ерекше құбылыс байқалып отыр. Індеттен кейін елде қызмет көрсету маманы жетіспей жатыр. Кезінде осы салада жұмыс істегендер бұрынғы кәсібіне оралғысы келмейді. Себебі, жұрт локдаун кезінде жаңа мамандық игеріп алған.

Осыдан жарты жыл бұрын қызмет көрсету саласының мамандары жұмыс іздеп әлек болса, бүгінде жағдай мүлдем өзгерді. Аспаздар мен әкімшілерді жалдай алмағандықтан, қаладағы 8 кафе әлі ашылған жоқ. Пльзень қаласында бір той ұйымдастырушысы үшін 4 компания таласып жүр.

Қазір аниматорларға, гидтерге сұраныс көп. Бірақ осы іспен айналысқандар өзге салаларда табысқа жетіп, бұрынғы кәсібіне оралғысы келмейді. Сондай-ақ, жаңа мамандық игергендер тұрақтылықты бағалайды. Індеттің жаңа толқыны басталса, табыссыз қалмайтынына көзі жетті.


### АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Telegram арнасының пайдаланушылары вакциналарда миға әсер ететін чиптер болатыны туралы хабарламаны талқылауда. Бұл технология егеуқұйрықтарда сыналған, кеміргіштерді мойынсұнғыш ету арқылы ол оң нәтиже берген екен. Дегенмен, ол біздің жағдайда шындыққа жанаспайды.

Қазнет пайдаланушысы айтып отырған тышқандарға жүргізілген тәжірибе шын мәнінде өткізілген және баспасөзде, оның ішінде қазақстандық баспасөзде кеңінен жария етілді. Тәжірибенің мәні – тышқандардың миына Bluetooth сигналдарын қабылдауға және шығаруға, сондай-ақ, электр желісіне қосылмай қуат алуға қабілетті кішкентай чиптерді енгізу. Бұл ретте микрочиптің өзі жарық шығарды. Ғалымдардың пікірінше, болашақта мұндай технология депрессияны, Паркинсон ауруын, әртүрлі тәуелділіктерді және басқа ауруларды емдеуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе Nature Communications журналында егжей-тегжейлі сипатталған. Мақалада микрочиптің өлшемдері ұзындығы 19 мм., ені 12 мм. және қалыңдығы 5-ке тең екендігі айтылған. Оның салмағы 1,4 грамм. Ол тыш-

## Вакцина миға әсер ете ме?



қанның терісін кесіп, бас сүйегін бұрғылап тесу арқылы миға енгізілген.

Бұл адамға мұндай құрылғыны вакцинация инесінің көмегімен енгізу мүмкін емес екенін дәлелдейді. Құрылғы тым үлкен. Сонымен қатар, вакцинация кезінде ол миға кіре алмайды, яғни ол мүлдем пайдасыз болады.

Тәжірибе туралы мақалада адам-

дарға чипті вакцинация түрінде енгізу жайлы жазылмаған. Сондай-ақ, ғалымдар адамдарды көнгіш студі немесе олардың еркін бағындыруды мақсат етпейді. Әзірлеменің міндеті – бүгінгі күні қиын емделетін аурулармен күресу жолын табу.

Әзірлеген А.НӨЛДІБЕКОВА.

### ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

## «Мен екпе алдым!»



**Дайна ҚАЗЫБЕКОВА, Регби бойынша ҚР Ұлттық әйелдер құрамасының мүшесі:**

– Біз спортшылар, індет уақытында жалғыз жаттығудан шаршадық. Өйткені, регби – командалық ойын. Біздер әртүрлі жарыстарға қатысып, жанкүйерлердің қолдауын көргіміз келеді. Ал ол үшін вирусты өмірімізден аластатып, індетті түпкілікті жоюымыз қажет. Командамыздағы қыздардың ішінде ең бірінші болып мен екпе алдым. Кейіннен екеуі, сосын үшеуі вакцина алып, команданың жартысына жуығы вакциналанды. Түгеліміз дерлік екпені денемізге ектіргеннен кейін өзімізді қорғаныста жүргендей, вирусты мүлдем жұқтырмайтындай күй кештік. «Көппен көрген ұлы той» демекші, барша ұжым болып бір шешім қабылдауымыз ауызбіршілігіміздің белгісі деуге болады. Үйіміздегі қарт ата-анамыздың хал-жағдайына, денсаулығымызға алаңдайтымыз рас болса, екпенің екі бірдей дозасын қабылдауымыз қажет.



**Сергей ДЕНИСЮК, «Азия Спорт» регби клубының ойыншысы:**

– Қаламызға сенімді, қорғаныс әсері бар вакцина әкелінгеннен кейін өзім тұратын ауданға қарасты екпе егу пунктіне барып, вакцина алдым. Карантин уақытында сүйікті істеріммен айналыса алмадым. Біраз уақыт үйде қамалдық, төрт қабырғадан жалғып та кеттік. Бұл кезең спортшылар үшін өте қиынға соқты. Айналасы 4-5 айдың ішінде талаптардың біразы жеңілдеп, жұмыспен, спортпен қауыштық. Екпенің адам өміріне зиян тигізбейтінін, керісінше вирустың жеңіл өтуіне септігін тигізетінін естігенде қуандым. Себебі, менің отбасым бар, балам өсіп келеді, оларды індеттен қорғау менің әкелік міндетім. Инъекция ешқандай асқынусыз өтті. Мен барша адамзат баласына вакцина алуға кеңес беремін. Өйткені, екпе қалыпты өмірге оралуға мүмкіндік беретін жалғыз жол.

## Дәрі-дәрмек қобдишалары тегін беріледі



Айкерім  
РАЙЫСҚЫЗЫ

COVID-19 індетін алдын алу мақсатында елімізде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасыларға медициналық дәрі-дәрмек қобдишаларын ұсыну бойынша акция басталды.

Барлығы 145 мың жиынтық тегін таратылады. Жиынтықтардың құрамын жауапты министрлік айқындады және оған термометрлер, бетперделер, дезинфекциялық құралдар және стероид емес қабынуға қарсы препараттар кіреді. Алушыларға дәрі-дәрмек қобдишаларын жеткізуді қалалық немесе аудандық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері және ауылдық әкімдіктер жүзеге асырады. Бұл шара қиын материалдық жағдайдағы отбасылардың экономикалық ауыртыпалықтарын азайтуға мүмкіндік береді деп жоспарлануда.

Айым  
НҮРМАН

# «ПЕРІ ҚАТЫН»

## көпшіліктің көңілінен шығып, көрермен көзайымына айналды

Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театры «Пері қатын» спектаклінің премьерасымен 95-ші театр маусымын жапты.

Б.Брехтің «Есірген шешей және оның балалары» атты пьесасының желісі бойынша қойылған «Пері қатын» спектаклі көпшіліктің көңілінен шығып, көрермен көзайымына айналды десек те болады. Қойылым басталғаннан-ақ көрермендердің назарын өзіне аударып, соңына дейін ұстап тұра алды. Спектакльде ана мен баланың махаббаты, соғыс салдарының адам тағдырына қаншалықты үрей әкелгені, қоғамдағы түйткілді мәселелер, қыз баласына деген қатыгездік шебер суреттелген. Әсіресе, әйелдер мен соғыс тақырыбы, адамгершілік қасиеттер жан-жақты қозғалып, әрбір детальға ерекше мән берілген. Әрі онда көзге көрінбейтін, мылтықсыз майдан құрсауына алған ситуация адамдарды күреске итермелейді. Бірақ бұл соғыста жеңуші және жеңілуші тарап бола ма? Әлде, тіршілік атаулы

түбі жоқ құлқын құрдымына жұтылып тына ма? Қойылым осындай философиялық сұрақтарға жауап іздейді. Шешейдің үш баласы да соғыстың, дәлірек айтсақ, соғыс жылдарындағы қатыгез залымдардың құрбанына айналады. Десе де, перзентінен айырылып, жүрегі қан жылап жатса да, сына қоймаған Пері қатынның мықтылығына қайран қаласың. «Қалайда болмасын, ісімді жалғастыруым керек» деп, саудамен күнелтіп жүрген әйелдің болмысын балаларының өлімі де өзгерте алмады.

Шын мәнінде, қойылым бүгінгі қоғамдағы шындықпен бетпе-бет келген бірегей туынды. Оқиға дәуірмен шектелмеген шартты бір әлемде өтеді. Неміс драматургінің туындысын қазақ аудиториясына сай етіп бейімдеген. Оны кейіпкерлердің қазақшаланған есімдерінен байқауға болады.

Спектакльдің жарыққа шығуына атсалысқан шығармашылық топтың жұмыстары олардың нағыз шебер, өз ісінің кәсіби мамандары екендігін дәлелдеді. Бас-



ты рөлдерді танымал әртістер – Данагүл Темірсұлтанова, Индира

Мендібаева, Қайрат Нәбиолла, Алмас Шаяхметов, Бауыржан

Қаптағаев жоғары деңгейде сомдап шықты.



**Елік НҮРСҰЛТАН,**  
«Пері қатын» драмасының қоюшы-режиссері:

– Бұл үлкен классикалық шығарма болғандықтан, көрерменге ауыр болуы мүмкін. Біздің театр Б.Брехтке бара білді. Жақында Қазақстандағы жалғыз брехттанушы Болат Атабаев қойылымды тамашалап, оң бағасын берген болатын. Бұл шығарманың бүгінгі күнмен үндестігі бар. Сонысымен ерекше. Бірақ бұл жерде белгілі бір мемлекет туралы айтылмайды. Акцент жалпы адамзатқа қойылады. Шығармада бір отбасының тағдыр тауқыметі мен жүріп өткен жолы арқылы адамзаттың сатқындығы мен адамдығы, бірін-бірі пайда үшін қолдануы, жалпы толық адамның проблемасы, адами құндылықтардың қақтығысы сияқты дүниелер қозғалған. Қойылымда бір кейіпкердің сөзінде «Өмірдің өзі соғыс» деген ой айтылады. Яғни театр әртістері әр кейіпкердің өмір жолындағы күресін көрсету барысында қоғамдық көріністі айқын жеткізіп бере алды.

**АҚНИЕТ,**  
көрермен, ҚызПУ-дың 3-курс студенті:

– Бос уақытымда театрға барғанды жаным сүйеді. Ойым бөлініп, әжептеуір тынығып қаламын. Кезекті жаңа қойылымды бірден түсіну оңай болмады. Қойылым басталғаннан оқиға желісінің тереңіне сүңгіп, кейіпкерлермен бірге барлық сезімді бастан өткердім. Пері қатынмен бірге күйініп, мылқау қызының қиналғанын көргенде бірге жылап, ал дінбасының кейбір әрекеттеріне ішек-сілем қатып күліп те алдым. Өте ауыр шығарманы жарқыратып ел алдына паш еткен Елік Нұрсұлтанға және Пері қатынның рөлін сомдаған Дария Жүсіптің өнеріне тәнтімін. Қазіргі қоғамда өте көкейкесті болғанмен, қозғай алмай отырған тақырыптар бар. Сол үшін бізге жауырды жаба тоқымай, дәл осындай қоғамға қажет, қат дүниелерді сахнаға көптеп шығару керек сияқты. Бүгінгі қоғамдағы шындықпен бетпе-бет келгіңіз келсе, «Пері қатын» спектакліне барыңыз дер едім.

# «ЕР ТӨСТІК»

## қазақ ертегілерінің ішіндегі ең көне әрі батырлық үлгідегі туындылардың бірі

Ақтолық  
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Қазақ халқының аңыз-тарихынан бастау алып, өз кейіпкерлерімен бүлдіршіндердің сүйікті ертегісіне айналған «Ер төстік» ертегісінің премьерасы өтті. «Ер төстік» – қазақ ертегілерінің ішіндегі ең көне әрі батырлық үлгідегі туындылардың бірі. Мұнда қиял-ғажайып, батырлық жыры элементтері, тарихи-мифологиялық кейіпкерлер мен оқиғалар кездеседі. Қызықты әрі қатерлі оқиғалардан өте отырып, арманына жететін Төстік батыр мен оның

жолдастары Көлтаусар, Желаяқ, Шапшан, Саққұлақ, Шалқұйрық атты кейіпкерлермен өрбитін оқиға кішкентай көрермендерімізді ерекше әсерге бөледі. Аталған кейіпкерлер арқылы өмірде де әрбір қиындықтарды оңтайлы шешуге көмектесіп, жанынан табылатын достардың болуы керек екендігін меңзейді. Қуыршақ тілінде сөйлеп, театр сахнасына шығатын кейіпкерлер өздеріне сай мінез ерекшеліктерін тауып, балаларды ғажайыптар әлеміне куәгер етті. Басты кейіпкер Ер Төстікті театрымыздың талантты актері Шохан Құлназаров, Шалқұйрықты Арайлым Байырбекова, Желаяқ, Көлтаусар



кейіпкерлерін Бақытжан Қаюов, ал мыстан кемпірді Толқын Тілеулиева шеберлікпен ойнап шықты. Ертегілер патшалығы саналатын қуыршақ театрындағы жаңа

премьера бүлдіршіндерді тартымды әуен, қызықты әрі құбылмалы оқиға арқылы өз сырына баурап алып, балдырғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады.



# ЗЕРГЕР ӘЛЕМІ

Рафаэль ұста әдемі және қарапайым дүниелер жасағысы келеді



Айкерім  
РАЙЫСҚЫЗЫ

Өзіңіз бір сәт ойлап көріңізші, жайлы, жарық кеңсені кішкентай шеберханаға, мамық креслоны ағаш орындыққа ауыстыра алар ма едіңіз? Жүректің үніне құлақ асып, жан қалауын орындау үшін ұзақ уақыт бойы бірнеше жылдар қатарынан тер төгіп жеткен қызметті тастап кете алар ма едіңіз? Алматылық Рафаэль Узеев зергерлік іске директорлық қыметін тастап келді. Көп адам күнелту үшін жасайтын қадамды ол ауқатты бола тұра жасады. Өйткені, ол жүрек қалауына құлақ асты.


Рафаэль бала кезінен өнер мен зергерлік бұйымдарға құмар болады. Соны байқаған анасы кішкентай ұлын өнер мектебіне апарды. Ол сол жерде жақсы оқып, көрмелерге қатысып, марапаттарға ие болады. Бітіргеннен кейін Алматы көркемсурет училищесіне жолдама алып, зергерлік зауытта өндірістік тәжірибеден өтеді. Сол уақытта аптасына бір күн жоғары сынып оқушылары сұранысқа ие мамандықтарды игеру үшін және мектептен кейін бірден жұмысқа орналасу үшін сабақтың орнына зауыттарға, фабрикаларға, автобазаларға немесе басқа да кәсіпорындарға барады екен. Ол сөйтіп жүріп барған жерінде алғашқы қарапайым броштар мен сырғалар, тас қораптар жасап үйренеді. Онда ол алғашқы тұрақты айлығын алады. Ұстаның сөзіне сүйенсек, ол тас өңдегенді ұнатқан, ал оқу кезінде ол бірінші дәрежелі болған.

– Бірақ ол кезде сексенінші жылдардың аяғы еді, біздің отбасымызда жоғары мақсатқа жету деген – институтты бітіріп, директор болу болатын. Жобалау институтын басқарған туыс ағамыз бізге үлгі еді. Содан оқуды үздік аяқтап, Мәскеуге оқуға түстім. Одан кейін университетте оқыдым. 90-жылдардың кезіне тап болдық. Ол уақытта жас мамандар ерекше қолдау таппады да, мен өз мамандығыммен жұмыс істей алмадым. Қонақүйлерде, авиакомпанияда, елшілікте, құрылыс ұйымында жұмыс істедім. Бірақ әдемі әлеммен байланыс үзілген жоқ және әрқашан сүйікті хоббиіме уақыт табатынымын. Жүрекке әмір жүрмейді деген сол шығар, – деп еске алады шебер.

Уақыт өтіп, Рафаэль биік белестерді бағындырады. Бірақ ол мансап сатысында неғұрлым жоғары көтерілсе, жүрегі соғұрлым әдемі және қарапайым дүниелер жасағысы келе береді.

– Басында мен зергерлік бұйымдарға хобби ретінде қарадым. Дәлірек айтқанда, бірден екі нәрсені – негізгі жұмыстан ақша тауып, үйде тастар мен металдармен жұмыс жасаудан ләззат аламын деп ойлады. Менде тасты өңдеу дағдылары болды. Біліктілігімді дамытып, оларды металға айналдыруды үйренгім келді. Бірақ екінші жоғары білім алуға зауқым соқпады, содан мен жеке сабақ іздей бастадым, – дейді Рафаэль.

Бүгінде ол кәсібін бір жолға қойып үлгерген. Негізінен сырға мен сақина жасайды. Әрі олары үлкен сұранысқа ие екен. Ал кулондар мен білезіктер, негізінен тапсырыс бойынша жасалады. Ол өз өнімдерінде тек таза 925-ші күміс пен табиғи тастарды пайдаланады. Шебер таза нәрседен жасалған дүние әдемі, жағымды келеді деген ойда. Жүрек қалауына құлақ асып, бір кездері директорлығын тастап кеткеніне еш өкінбейді. Өйткені, ісінен ләззат алады әрі өзін бақытты сезінеді.





## EURO-2020

Еуропа құрлығының 12 қаласында өткен доп додасы Италия құрамасының жеңісімен аяқталды. Финалда италиялықтар Англияны ойын соңындағы пенальтиден жеңді.

2 минутта Люк Шоу есеп ашқанмен, екінші таймның ортасында қарқынды шабуылдаған Италия есепті теңестірді: орталық қорғаушы Леонардо Бонуччи қақпашыдан серпілген допты сол аяқпен мүдіріссіз соқты. Пенальти сериясында бірінші болып «сқуадра адзурра» сүрінді, алайда одан кейінгі үш ағылшын футболшысы да мергендік көрсете алған жоқ.

Нәтижеде қос-қостан пенальти қайтарған Джанлуиджи Доннарума мен Джордан Пикфорд егесінде италиялықтың бағы жанды. Сөйтіп, Италия құрамасы араға 53 жыл салып Кәрі құрлықтың үздік ұжымы атанды. Турнирдің ең үздік ойыншысы атағы Доннарумаға бұйырды. Ал бас мерген атағы Криштиану Роналду (Португалия) мен Патрик Шикке (Чехия) бұйырды. Екеуі де қарсыластар қақпасын бес реттен таңбалады.



## Автоголдар керуенін Кьер тұжырды

Биылғы еуродоаның басты ерекшелігі – автоголдардың тым көптігі. Бұл жолы 11 футболшы өз қақпасына доп соғып алды. Осыған дейінгі Еуропа чемпионаттарының бәрін қоса есептегенде де автогол саны биылғыға жетпейді. Соңғы автогол жартылай финалдағы Англия–Дания кездесуінде енгізілді: дат капитаны Симон Кьер оқыстан өз қақпасына соққы туралады.

Дегенмен, биылғы чемпионатта гол санының да көп болғанын айтуымыз керек. Топтық турнирдегі Австрия–Солтүстік Македония (3:1) кездесуінде Михаэль

Грегориц соққан жеңіс добы Еуропа біріншіліктері тарихындағы 700-гол болса, 1/8 финалдағы Франция–Швейцария (3:3) кездесуінде Харис Сеферович есеп ашып, Еуроаның финалдық кезеңдеріндегі 800-допты енгізді.

Үлкен рекордтың бірі, әрине, Криштиану Роналдудың Әли Даеи рекордын қайталауы. Биылғы додада португал сұрмергені 5 доп авторы атанып қана қойған жоқ, иран мергені Даесидің ұлттық құрама сапында соққан 109 голын қуып жетті. Күзге қарай біз Мадейрадан шыққан мықтының жеке-дара рекордшы атанғанын да естіп қалатын сияқтымыз.

# ИТАЛИЯ – ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ!



## Кімдер көзге түсті?

**Дания құрамасы.** Алғашқы турда Кристиан Эриксен жүрегі тоқтап құлаған соң, Дания құрамасынан күй кеткендей еді. Алайда, соңғы турда бұл команда плей-офф жолдамасын жұлып алып қана қоймай, жартылай финалға дейін жетті.

Шын мәнінде, Эриксен, Кьер, Шмейхель сияқты серкелерін былай қойғанда, осы додада Дамсгор, Дольберг, Делайни, Брейтуйт, Поульсен және Хойберг сияқты ойыншылар ұлы ерлікке дайын екенін толық танытты. «Дат динамиті» қарсыласын шошытатын күн алыс емес сияқты.

**Украина құрамасы.** Андрей Шевченко 2006 жылы құрама капитаны ретінде зор табысқа жетіп, жас ұжыммен бірге әлем чемпионатының ширек финалына шығып еді. Араға 15 жыл салып, енді бас жаттықтырушы ретінде Украинаны құрлық сынының ширек финалына жетеледі.

Иә, бұл кезеңде Испаниядан ойсырай жеңілу (0:4) ауыр болған да шығар. Дегенмен, жас маманның тәжірибесі шамалы құраманы үздік сегіздікке жетелеуінің өзі – үлкен ерлік.

**Италия құрамасы.** Турнирдің ең үздік ойыншысын таңдайтын кезде, ұйымдастырушылар қатты қиналған болар. Өйткені, жеңімпаздар құрамында алабөтен ерекшеліктін ешкім жоқ. Италия құрамасы – ең алдымен, ұжым ретінде мықты команда. Кьеллини жаракаттанғанда, орнын Ачерби баса қойды. Орталық жартылай қорғаушылар үштігі жиі жаңарып тұрды. Шабуылдағы үштік те жиі өзгеріске түсті. Солай бола тұрса да, Италия осы турнирдегі ең нәтижелі (13 доп) команданың бірі атанды. Ал чемпионаттың үздік футболшысы атанған Доннарума жартылай финалдағы және финалдағы пенальти сериясын аса жоғары деңгейде өткерді. Шабуылшы Кьеза, жартылай қорғаушылар Пессина, Локатели, Барелла, қорғаушылар Спинаццола мен Ди Лоренцо енді талай клубтың көзқұртына айналатыны анық. Бас бапкер Роберто Манчини құрама сапындағы алғашқы атағына қол жеткізді. Ол бұған дейін клубтық деңгейде 13 атақ жеңіп алған-ды. Ал Италия құрамасы 2006 жылғы әлем чемпионатынан кейінгі ең ірі табысын иеленді.

## ТОКИО-2020



## Валентина, Татьяна, Эльмира!

Әйелдер күресінен Қазақстан құрама командасы олимпиялық ойындарға дайындық кезеңін аяқтап келеді. Бұл туралы Olimpik.kz хабарлайды. Бауан кыздар Алматы облысындағы «Ақбұлақ» олимпиялық орталығында жаттығып жатыр. Қазақстан грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Гүзель Манюрова әйелдер құрамасы иеленген үш жолдама нақты кімдерге бұйыратынын айтып берген еді:

«Олимпиялық команда құрамын жасақтауда көп ойланған жоқпыз. Валентина Исламова – әлем чемпионатының жүлдегері. 50 келіге дейінгі салмақта биылғы Азия чемпионатында топ жарды. Сондықтан ол өзінің орнын әділетті түрде алып отыр. Татьяна Ахметова – өткен жылғы Азия

чемпионы. Оның 53 келіде олимпиада жолдамасын қалай жеңіп алғанын көрдіңіздер. Ерлік танытты. 76 келідегі сөзсіз үздігіміз – Эльмира Садыхова. Бұл жерде де сұрақ туындаған жоқ.

Біздің спорттымызда лицензия тұтас командаға беріледі. Сондықтан кез келген адам олимпиадаға қатыса алады. Тек өзін кілемде көрсетсе болғаны. Мен атын атаған спортшылардың бәрі Токио қарсаңында өздерін жақсы қырынан таныта білді. Олар Азия чемпионатында, рейтингтік турнирлер мен Қазақстан біріншілігінде шеберліктерін көрсетті. Сондықтан Олимпиадаға баратын құрамды анықтау қиын болған жоқ».

Әйелдер күресінен ұлттық құрама мүшелері осы оқу-жаттығу жиындарын 28 шілдеге дейін жалғастырады.

## Луценко, Пронский, Груздев!

**Велоспорттан Қазақстан командасының бас бапкері Асан Базаев Токио олимпиадасында сыңға түсетін спортшылар есімін атады, деп хабарлайды Olimpik.kz.**

Халықаралық велоспорт федерациясының қорытынды рейтингі бойынша, Қазақстан командасы үш лицензия иеленген болатын. Ұпай жинау кезеңдері 2018 жылдың 22 қазаны мен 2019 жылдың 22 қазаны аралығын қамтыды. Қорытынды есепте біздің команда 3259,35 ұпаймен 19-орынға табан тіреді. Бұл ретте 2019 жылы Қазақстан қоржынын маңызды ұпайлармен толтырған Алексей Луценконың еңбегі ерекше екенін атап өту керек.

Сондай-ақ, қазақстандық велошабандоздар Азия біріншілігінде үш алтын алып, команда рейтингіне 555 ұпай қосты. Осылайша 2004 жылдан бері алғаш рет топтық сында Қазақстан атынан үш спортшы бақ сынайды. Олимпиада ойындарында Қазақстан командасының капитаны міндетін

Алексей Луценко атқарады. Алексеймен бірге Дмитрий Груздев пен Вадим Пронский де ел намысын қорғайды.

«Құрамды бір апта бұрын анықтадық. Жарыста Луценко капитан болатын болса, Груздев пен Пронский оған көмектеседі. Алғашында Андрей Зейцті олимпиадаға апарамыз деп ойлаған ек, алайда ол жаракатынан кейін бабына келіп үлгермеді. Пронский «Джиродан» кейін өзін жақсы көрсетіп жүр, Алексейге көмегі көп болары анық. Шынын айтқанда, бұл – біз үшін әлдеқашан жасалған таңдау. Өйткені, олардың барлығы да олимпиада алдында бабына енді. Пронский командамен бірге тауда дайындалып жатыр, Луценко мен Груздев «Тур де Франстан» кейін Токиоға ұшып келеді» дейді бас бапкер.

Токиода ерлер арасындағы бәсеке 24 шілде күні топтық жарыспен басталады. Жарысқа 130 спортшы қатыспак. Ал жекеley сында Алексей Луценко бақ сынайды.

## Жанкүйерсіз дода

**Токиодағы олимпиада да көрермендер болмайды. Бұл туралы олимпиялық ойындарды өткізуге жауапты жапон министрі Тамае Марукава хабарлады.**

8 шілдеде Жапония астанасында төтенше жағдай енгізілді, ол тамыз айының соңына дейін жалғасады. Бастапқыда пандемияға байланысты ойындарға шетелдік жанкүйерлерді жібермеу туралы шешім қабылданған болатын.

Енді жергілікті көрермендер де жарыстарға қатыса алмайды: Токиодағы барлық жарыстар, салтанатты шаралар, соның ішінде ОИ-2020 ашылуы мен жабылуы трибуналарда адамдардың қатысуынсыз өтеді.

Дегенмен, кейбір аудандарда жапон спорт әуесқойлары әлі де ойындарды көре алады деген мүмкіндік бар.

«Токиода, Канагавада, Сайтамада және Тибада көрермендердің келуіне жол бермеу туралы шешім қабылданды. Ал Мияги, Фукусима және Сидзуока префектураларында 10 мың адамнан және нысандардың толтырылуы 50 пайыздан аспайтын талаппен рұқсат берілді» деді Марукава.

Токиодағы ойындар 23 шілдемен 8 тамыз аралығында өтеді.

**Бетті дайындаған  
Естен САБАЛАҚ.**



# ИТПЕН СЕРУЕНДЕУДІҢ ДЕ ӘДЕБІ БАР



АЙЫМ  
НҰРМАН

**Бүгінгі күні қала тұрғындарының жайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалып келеді. Алматылықтар үшін жаяу жүретін көшелерге, демалыс орындарына, балаларға арналған ойын алаңдарына да көңіл бөлінуде. Алайда, барлық қоғамдық ортаны пайдаланудың өзіндік ережесін ескере бермейтіндер көп.**

Ит ұстайтындардың қаперінде жүруі тиіс ережелер бар. Мысалы, кез келген итпен серуендеген кезде қарғыбауға міндетті. Мектепке дейінгі мекемелер және мектептердің, емдеу мекемелерінің аумағы мен тыйым белгілері қойылған жерлерде итпен қыдыруға тыйым салынады. Ал арнайы жерлерге серуенге шыққанда, иелері өздерімен бірге олардың нәжістерін жинап алатын арнаулы құралдарды ала жүруі тиіс. Себебі, тұрғындар осы мәселеге қатысты көп шағымданады. Олардың айтуынша, иттер қанша қолға үйретілген болса да қоршаған ортаны ластанып, жүріп-тұруларына ыңғайсыздық тудырады. Кейде аулада қожайындары оларды бей-берекет жіберіп қояды. Төрт-аяқтыларды қоғамдық көліктерде тасымалдау көліктің артқы алаңдарында, жолаушылардың мазасын алмайтын жағдайда жүзеге асырылуы тиіс. Иттердің декоративті түрлерін және мысықтарды сөмкеде, арнайы торларда, контейнерде немесе қолда алып тасымалдауға болады. Көше қиылыстары мен магистральды жолдардан өткен кезде иттің иесі жол-

көлік оқиғаларын және итті көліктің басып кетпеуін болдырмау үшін мойын жібін қысқартып ұстағаны дұрыс.

## Мәселе шешіліп келеді

Бұл мәселе қала басшылығының да назарында. Жақында газетіміздің «Ақшам» арқылы айтамыз» айдары арқылы бір ауланың мәселесі шешілді. «Мамыр-4» ықшамауданының тұрғындары: «Аулада бульдог, ротвейлер, доберман сияқты иттерді жиі байқаймыз. Тұмалдырықсыз жүргені былай тұрсын, кейбірі тіпті бос жіберіп қояды. Ең қорқыныштысы да сол. Аулада балалар көп. Қанша қолға үйретілген ит болса да, әрбір ана бала үшін уайымдайтыны анық. Мұндай жағдайда қайда қайырылуға болады? Тәртіпті кімдер және қалай талап етуге болады?» деп шағымданған болатын. Газетіміздің тілшілері тиісті мекемелерге хабарласып, мәселенің шешілу жолын іздестірді. Нәтижесінде аулаға арнайы «Итпен серуендеуге болмайды» деген белгі қойылып, тұрғындарға жалпылама ескерту жасалды. Аула тұрғындары дән риза. Расымен, егер халық өз жайлылығы үшін тәртіпті талап ете білсе, көп мәселе оңай шешілмек.

## ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

**Ережені бұзғаны анықталған жағдайда жануар иесі Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық-бұзушылықтар туралы» кодексінің 311-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады және 3–10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.**

## МАМАН ПІКІРІ

**Қуантар ӘЛИХАНОВ, ветеринар, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің қауымдастырылған профессоры:**

— Үй жануарларының барлығына 3 айлық мерзімнен бастап міндетті түрде құтыру ауруына қарсы екпе жасалуы міндетті. Оны біреу білсе, біреу білмейді. Білсе де назар аударма қоймайтындар бар. Әрі иелері иттерді тері паразиттері мен гельминттерінен қорғау үшін профилактикалық өңдеу жүргізіп отыруы тиіс. Мұндай тексерістің барлығы ит иесінің жауапкершілігінде. Сондықтан үй жануарларын уақытылы ветеринарлық орталықтарға апарып, тұрақты түрде тексерістен өтіп отыру жануар үшін де, адамдар үшін де тиімді болмақ. Өйткені, ол кейбір қауіпті аурулардың алдын алады. Өз бетінше тұрғын үйді питомниктер мен паназайларға айналдыруға жол жоқ.



## Шет елде итпен қалай серуендейді?

• Финляндияда итпен серуендеу мәселесі кезек бойынша шешілген. Оларда 2003 жылы иттерге арнайы орындардан басқа жерге кіруге тыйым салатын заң қабылданған. Кейіннен итпен серуендеуге арналған саябақтар салу бағдарламасы жасалды. Арнайы орындардың саны бір Хельсинкидің өзінде жүзден асып жығылады. Ол жерде күніне 200-ге жуық үй жануарлары серуендейді. Жалпы ауданы 4 гектарды құрайтын саябаққа кіру тегін, ешқандай шектеулер жоқ.

• Жаңа Зеландияда үй жануарларын елге әкелудің қатаң ережелері бар. Әрі мұнда иттерді қоғамдық көлікте тасымалдауға мүлдем рұқсат жоқ. Тек арнайы иттердің саябағында ғана тұмалдырығын шешіп, бос жіберуге болады. Саябақ таңғы 7-ден кешке дейін ашық, балалар аумаққа тек ата-аналардың бақылауымен жіберіледі.

• Нью-Йоркте ондаған ит саябақтары бар. Оның ішіндегі ең алғашқысы Томпкинса алаңындағы Dog Run саябағы. Ит өсірушілердің ақшасымен жүзеге асырылған жоба бүгінде жерасты жүйесі бар үлкен және кішкентай иттерге арналған бөлек аймақтан, үш ит бассейнінен, иелеріне арналған орындықтардан тұрады. Мұнда үй жануарларына арналған әртүрлі іс-шаралар өткізіледі.

• Ал Дубайда әлемдегі ең үлкен жабық иттер саябағы бар. Халықаралық деңгейдегі саябақ үй жануарларын серуендетуге арналған алаң ғана емес, сонымен қатар өмір сүру мүмкіндігі, қызмет көрсету, ашық бассейн, спа және басқа да иттердің жайлылығы қарастырылған орын. Тіпті мұнда ит жаттықтырумен айналысып жатқанда, иесі веб-камера арқылы процесті бақылауға болады.

**Елена ФЕДОРОВА, қала тұрғыны:**

— Ит пен мысық асырайтындар оларды баласындай күтіп-баптап, уақытын бөліп арнайы қыдыртып жатады. Кейде сол жануарлардың иесіне «өтіп кетейін, итіңізді әрірек ұстай тұрыңызшы», «итіңіз баламды тістеп алмай ма?» десеңіз, кәдімгідей ренжіп қалатындар бар. «Достарына» сөз де, сөгіс те жуытқылары келмейді. Иттің аты ит қой, оның зияны тимеген күннің өзінде серуен кезінде өте абай болу керек. Тіпті, қожайыны оны күнде жуындыратынын айтып ақталса да, итте иесі біле бермейтін аурулар болуы мүмкін. Мен сол байқалмай жатқанын аурулардан қауіптенемін.

## ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

## Жалған хабарлама жарға жығады

Өртке қарсы қызмет, полиция, жедел жәрдем, апаттық қызмет – осы мекемелер күн сайын адамдардың өмірін құтқарумен айналысады. Көмек туралы күнделікті қоңыраулар түседі. Алайда, адамдардың өздері оларды жалған қоңыраулармен алаң етіп, жұмыс істеуге бөгет жасайды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекстің 438-бабына сәйкес, отыз айлық көрсеткіш (87 510 теңге) – арнайы қызметтерге жалған қоңырау шалу үшін бұзақыларды күтетін айыппұлдың мөлшері осы. Ал егер де ағымдағы жылда қоңырау екінші рет немесе өрт және апат кезеңінде соғылатын болса, онда әкімшілік айыппұл мөлшері екі есеге артады, яғни алпыс айлық есептік көрсеткіш (175 020 теңге).

Әдейі жалған қоңырау шалу – бұл, шын мәнінде, қылмыс. «Әзілқойлар» көбінесе бомбаның жатқаны туралы хабарлайды. Егер хабарласқан балалар болса, онда олар бомбаның мектепте тұрғанын айтады. Алайда, балалар кішкентай болса, ересектердің нені басшылыққа алатынын түсіну қиын.

Жыл сайын жалған шақыру үшін жауаптылық күшейіп келеді. Қазіргі техникалық құралдар қоңырау шалған кез

келген телефон нөмірлері мен мемлекеттің кез келген нүктесінен, тіпті «жасырын» нөмірден немесе таксафоннан хабарланғанды анықтай алады. Одан кейін жалған шақырушыны заңнаманың бар күшімен жазаға тартады.

Тұтқаны көтеріп, жалған бомба немесе өртті хабарлар алдында дәл осы уақытта шынында да апат немесе өрт болып жатқанын ойланыңыз. Дәл осы кезде құтқарушылар адамдардың өмірі үшін күресіп жатқанда, сіз олардың жұмысына бөгет жасап, расында да көмек қажет адамдардан алаң қылаласыздар.

Сондай-ақ, балаларыңызға сақ болып, олардың осындай әрекеттерді жасамауын бақылаңыздар, осындай әрекеттерді жасауға болмайтынын түсіндіріңіздер!

Есте сақтаңыздар! «101» және «112» қызметіне ойнап шалынған әрбір қоңырау, біреуге материалдық мүлкті, денсаулықты, ең басты құндылық – адам өмірін жоғалтуға әкеп соқтырады.

**Бакытжан МҮЗДАҚБАЕВ, Түркістан қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау подполковнигі.**

## Мас күйінде көлік жүргізгендерге қатаң жаза тағайындалмақ



Айкерім  
РАЙЫСҚЫЗЫ



**Мас күйінде көлік тізгінден алғаш рет ұсталған азамат бірден 7 жылға жүргізуші куәлігінен айырылады.**

— Әкімшілік жазаның жаңа түрі енгізіледі. Ол – қамақ. Оны міндетті түрде қолданады. Жүргізуші мас күйінде алғаш

рет ұсталса да, 15 тәулікке қамалады. Жол апаты кезінде адамдардың денсаулығына зиян келмесе, бірақ материалдық шығын болған жағдайда әкімшілік қамақтың мерзімі 20 тәулікке ұзартылады. Көлікті мас күйде жүргізсе, 7 жылға куәлігінен айырылады, – деді Ішкі істер министрлігі әкімшілік полиция комитетінің басқарма бастығы Асқар Тәженов.

Оның айтуынша, жүргізуші куәлігінен айырылған адам бір жылдың ішінде рөлге қайта отырса, 20 тәулікке қамалып, 8 жылға көлік жүргізу құқығынан айырылады.

Ал мас күйде көлікті қайта тізгіндегендер 5 жылға дейін бас бостандығынан шектеліп, жүргізуші куәлігінен өмір бойына айырылуы мүмкін. Жол апатына түссе 8 жылға, оқиға салдарынан кісі өлімі тіркелсе 10 жылға дейін бас бостандығынан шектеледі. Медициналық тексерістен бас тартқан азамат 8 жылға жүргізуші куәлігінен айырылады. Бұрын бұл мерзім 3 жыл болған екен. Тағы 15 тәулікке қамалу қарастырылған.



## ЖЕТІСУ АУДАНЫНДА

## Өнімдері өтімді

Рая  
ЕСКЕНДІР

Жетісу ауданында әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға арналған «Бақытты отбасы – Жетісу» орталығы құрылғалы үйде отырған жұмыссыз аналардың да қолы жүре бастады. Осы орталықтағы «Isker Ana» бағдарламасы аясында өз кәсібін дөңгелеткен аналар қазір өз өнімдерін өткізіп, саудасын қыздырып жатыр.

«Бастау бизнес» курсын оқып, кәсіптің қыры мен сырын меңгеріп алған аналардың алды бұл күнде халық көп баратын «Ялян», «Алмалы» базарларында өздерінің өнімдерін сата бастады. Өз кәсібін қолға алған аналарға көмек ретінде аудандық әкімшілік арнайы курстан өтпей, микрокредит пен грант алмаған аналарға 35 сауда нүктесін тегін берген еді. Дегенмен, сауда нүктесінен бас тартқан да аналар

бар. Соған қарамастан дәл қазір аналардың өнімдері жоғарғы сұранысқа ие. Солардың бірі – өз кәсібі арқылы несібесін тауып, отбасын асырап жүрген Дәметкен Қыдырқызының қолынан шыққан бұйымдар әп-сәтте өтіп кетеді. Қазір Дәметкеннің өз тұтынушылары бар. Алғашында төсек жаймаларын бөлшек сауда арқылы сатса, бүгінде көтерме сауда арқылы көтеріп әкететін болған.

– Көршілерім де жиі тапсырыс беріп жатады. Таза мақтадан жасалған маталарды сапасына қарап таңдаймын. Сосын жайма, көрпе қап, жастықтың тысын тігемін. Сұраныс өте жоғары. Екі жыл ішінде түскен пайданың есебінен жана үйдің құрылысын бастап жатырмыз, – деді іскер келіншек.

«Шебердің қолы ортақ» демекші, тігінші келіншек өз өнімімен бүкіл отбасын асырап, халықтың да сұранысын қанағаттандырып отыр.

«Кемелде»  
жаңа емхана ашылады

Жетісу ауданына қарасты «Кемел» ықшамауданының тұрғындары осы уақытқа дейін емхананың зарын тартып, дертіне дауа іздегендер «Көкжиекке» қатынап жүрді. Дерті жанына батып тұрған жанға қарға адым жүрудің өзі мұң емес пе? Соған қарамастан тұрғындар жанын шүберекке түйіп, жаяулап-жалпылап жететін. Қала әкімімен кездескен сәтте де ең алдымен осы мәселе көтерілді.

Көп уақыт өтпей қала басшысының тікелей тапсырмасымен тәулігіне 200 адамға қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар отбасылық-

дәрігерлік амбулаторияның жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, осы күзде құрылысы басталатын болады. Сонымен қатар, Жетісу ауданының тұрғындарына қалтқысыз қызмет көрсетіп келе жатқан №11 емхана ғимаратына да күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, сейсмикалық төзімділігі нығайтылды. Осы аудандағы «Рабочий поселоктегі» 240 орынды емхананың құрылысы да осы жылдың желтоқсанында басталуы тиіс. Емхананың ерекшелігі – 50 орынды Әйелдерге кеңес беретін арнаулы бөлмесі болады.

Қазаннан  
қақпақ кетсе...

Жетісу ауданы әкімшілігінің шаруашылық бөлімі биылғы жылы кәріз құрылғыларының 409 қақпағын орнатты. Тозығы әбден жетіп, тесілуге айналған бірнеше қақпақты қайтадан жаңаға ауыстырды.

Жауапты сала қызметкерлерінің айтуынша, темір-терсек «ұрыларының» қақпақ біткенге жаудай тиіп, ұрлауы әлі де тыйылмай отырған көрінеді. Қақпақ

ұрлығын кәсіп еткендер аз-маз қаражат үшін адам өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, жол-көлік оқиғаларының көбеюіне де себепші болып отыр.

Әсіресе, қыс мезгілінде қар астындағы қақпақсыз кәріз құдығына құлап, мертіккен жандар да болды.

Сондықтан сала қызметкерлері темір-терсек қабылдайтын орындарға рейд жасауды жоспарлап отыр.

ҚҰҚЫҚ  
қорғалуға тиіс

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аударуды, көмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты тергеліп жатқан әрбір істі бақылауды қамтамасыз етуді қатаң тапсырғаны белгілі.

Осыған орай, Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің

хатшысы Әсет Исекешевтің төрағалығымен келелі кеңес өтіп, онда тапсырмалар мен айтылған бағыттағы жұмыстардың орындалуы, оның дәл қазіргі жағдайын талқылау мен жетілдіру шаралары қызу талқыланды.

Жиынға Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин, Жоғарғы Соттың, Бас прокуратураның, Ішкі және Сыртқы істер, Әділет, Білім және ғылым министрліктерінің өкілдері қатысты. Келелі кеңесте кәме-

летке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық, балалар саудасына қарсы іс-қимылдар, сондай-ақ, балалар үйлері мен интернаттарда тиісті жағдайларды қамтамасыз ету мәселелері кеңінен қарастырылды. Осы тұрғыда бірнеше ұсыныстар айтылып, пікірлер талқыланды. Кеңес қорытындысы бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің аппараты жанынан балалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстың алдын алу және жолын кесу жөніндегі барлық уәкілетті органдардың қызметін үйлестіру үшін тұрақты ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы шешім қабылданды.

Дүние жүзінде екі бөлікті, екі қабатты, ыңғайлы, жылдам, жайлы автобустар көшін Ұлыбритания, АҚШ, Түркия тәрізді елдер бастап тұр. Бұл әлемдік озық тәжірибе бізге де келуде. Алматы – 2 миллионға жуық халық шоғырланған мегаполис. Мұнда қоғамдық транспортты жиі пайдаланады. Сонымен қатар, Green bus, электробустар, газбен қозғалатындар, т.б. экологиялық таза көліктер қолданылуда.



## ЕҢБЕКТІҢ НАНЫ ТӘТТІ



Ерлан СЫРҒАБАЙ, жүргізуші:

БӘРІН ЕСЕПТЕП  
ОТЫРУ ҚАЖЕТ

Автобус тізгіндегеніме 3-4 жылдың шамасы болды. №30 бағыттағы қоғамдық көлікті жүргізу мен үшін қызыққа әрі шыжыққа толы. Өйткені, түрлі оқиғаларға, жолаушыларға кезігесіз. Сонау – Алматы-І вокзалы мен жоғарыдағы «Нұрлы-Тау» аралығында қатынас жасаймыз. Сол үшін таңертең сағат 4-5-тен тұрамыз. Автопаркке бет аламыз. Дайындалып, тексерістен кейін өз жолымызға түсеміз. Кешке дейін қарбалас. Өздеріңізге мәлім, шаһар кептеліс. Әрине, бұрынғыдан гөрі сәл азайған. Әсіресе, самокат, мопедпен жүретіндерге сақтықпен қараймын. Кез келген тұстан шыға келеді. Бәрін есептеп отыру қажет. Яғни алдыңғы және артқы әріптестеріңізді қадағалап отырған жөн. Белгіленген уақытты есте ұстау керек. Осылайша күн өтеді. Қас қарайғанда үйге жетеміз. Сондағы рахатты айтсаңызшы! Жалпы, екі күннен жұмыс кестесі белгіленген. Арасында, ауысымға адам табылмаса, шығып беремін. Қарап жатқаннан гөрі, ол да – табыс.

Ардақ ЖОЛЫБЕК,  
«Оңай» бақылаушысы:ӨТЕ МҰҚИЯТТЫЛЫҚ  
ТАНЫТАМЫЗ

Біз жауынгерлер сияқтымыз. «Оңай»-ды бақылаймыз. Бәрінің өзіндік этикасы бар. Сәлемдесу, карта, билеттерді тексеріске даярлау. Ал содан кейін іске кірісеміз. Кейбір жолаушылар жолақы төлеуден жалтарып бағады. Небәрі 80 теңге ғой. Соны төлеуге қиынсынады. Ал ол болмаса – 150 теңге төлейсіз. Міне, осы аралықта түсініспеушілік орын алады. Әдейі жүйкеге тиіп, қаралап, ғаламторға видео салуға тырысатындар да жоқ емес. Сондықтан өте мұқияттылық танытамыз. Жұмыс таңын атысы, күннің батысына жалғасады. Бір күнде ондаған маршрутты бақылаймыз. Пандемия жағдайында біраз сескендік. Қанша дегенмен көпшіліктің ортасында боласыз. Қазір, шүкір, жақсы. Жуырда қаладағы оқу орындарының бірін бітірдім. Өзірге талмай тірлік істеп, табыс таба беруді жөн санаймын.



Арнат ЖАМБЫЛ, студент:

## ҮЛКЕН ҚАЛАДА ҮНЕМШІЛДІК ҚАЖЕТ

Өз басым троллейбус, автобус, метромен ұдайы жүремін. Себебі, қалтаға жеңіл. Бір жағынан, үлкен қалада үнемшілдік қажет. Әйтпесе, бірді екіге жалғай алмайсыз. Соңғы уақыттары бір айға бонустық «Оңай» картасын алуды ойлап жүрмін. Күнделікті университетке, достармен жолығуға бара жатқанда қызықты жайттарға тап боласыз. Ақ тер, көк тер болып, контроллерлер, жүргізушілер көпшілікке қызмет етуде. Меніңше, жолаушылар да олардың жағдайын түсінгені абзал. Олар да – бір үйдің асыраушысы, ағасы немесе әпкесі. Сондықтан еңбек етіп жатқан жандарға ризашылық айтамын.

Адамзаттың ойшылы Шыңғыс Айтматов «Еңбексүйгіштік – адамның адамдық қасиетінің негізгі өлшемдерінің бірі» депті. Ол рас. Аталған пікірлер де осыған саяды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ

ата-ананың мойнына жүктелетінін ұмытпауымыз керек

Рая  
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Жазғы демалыс басталысымен мектеп оқушыларының біразы қызу еңбекке араласып кетеді. Балаларының мұндай қадамын құп көретін ата-аналар да бар.

Тіпті, «Баланың осы бастан еңбекке араласқаны жөн. Үйренгені өзіне, істегені маған жақсы» деген де ата-ананы көрдік. Дегенмен, баланың балалығын ұрлап, оларды ерте бастан жұмысқа жегудің не қажеті бар. Баланың тапқан аз-маз тиыны жыртыққа жамау бола қояр ма екен?

Сондықтан ата-ана онсыз да виртуалды әлемнен шаршаған балалардың демалысын қадағалап,

жүйелі өткізгені дұрыс. Осы мақсатта Жетісу ауданындағы №110 мектеп-гимназия ұжымы ата-аналар арасында ҚР Еңбек кодексінің 31, 69-тармақтарының орындалуы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, балалардың құқығын шектемеуге шақырды.

– Біз мектеп ата-аналарымен жыл сайын түсіндіру шараларын жүргіземіз. Балалар үш ай бойы жақсы демалып, мектепке серек келуі керек. Осы мақсатта арнайы рейдтер де жүргізіп отырамыз, – дейді мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Сайраш Көбелдесова.

Шындығында, баланың қауіпсіздігі мен жаздағы бос уақытының жауапкершілік жүгі ата-ананың мойнына жүктелетінін ұмытпауымыз керек.



## 2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

## БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

### «ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

|                                                                                                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>65503 (жеке жазылушылар үшін)</b><br>1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге                                 |
| <b>15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)</b><br>1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861, 50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге                    |
| <b>95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)</b><br>1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202, 50 теңге |

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●



Бас директор  
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:  
232-36-61.

Бас редактор –  
Төрехан ДАНИЯР  
тел.: 232-36-53

Бас редактордың  
орынбасары –  
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –  
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық бөлімінің  
редакторы –  
Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ  
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –  
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,  
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –  
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,  
тел.: 232-36-51.  
e-mail: d\_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату  
бөлімінің менеджері –  
Дана ӘЛМЕШ,  
тел.: 232-36-56. e-mail:  
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:  
Мұрат ӘУЕЗОВ,  
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,  
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын  
қоғамдық-саяси қалалық  
басылым.

Меншік иесі:  
«Almaty Akshamy» ЖШС.  
[almaty-aqparat@mail.ru](mailto:almaty-aqparat@mail.ru)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,  
сенбі күндері шығады.  
Апталық  
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –  
Айнұр СЕНБАЕВА

Газет Қазақстан  
Республикасының Ақпарат  
және қоғамдық даму  
министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу туралы  
№КЗ80VPY00026040  
куәлігі 19.08.2020 жылы  
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның  
компьютер орталығында  
теріліп, беттелді.  
Суреттердің сапасына  
редакция жауапты.  
Жарнама мәтініне жарнама  
беруші жауап береді.  
Автордың мақалалары  
редакция көзқарасын  
білдірмейді.  
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де  
басылды. 050044, Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.  
Тел.: 273-50-53  
Офсеттік басылым,  
көлемі 2 баспа табақ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

## Жақыныңа жанашыр бол!

**ҰЖЫМДЫҚ  
ИММУНИТЕТ**

Ұжымдық иммунитетке қол жеткізу үшін еліміздегі вакциналаумен қамтылған ересек тұрғындар кемінде 60%-ды құрауы тиіс

Вакцинациядан кейін қалыптасқан иммунитет кемінде 1 жыл сақталады, ал коронавирустан жазылып шыққаннан кейін антиденелер орташа есеппен 6 ай сақталады

korona.virus2020.kz

kazinform  
CORONAVIRUS2020.KZ

**ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ БАР МА?**

- 18+ 18 ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАР
- ЖҮКТІ ЖӘНЕ БАЛА ЕМІЗЕТІН ӘЙЕЛДЕР
- ЕКПЕГЕ ДЕЙІН 2 АПТАНЫҢ ІШІНДЕ ЖӘНЕ ВАКЦИНАЦИЯ КЕЗІНДЕ ЖРВИ-МЕН АУЫРУ
- ДЕНЕ ҚЫЗУЫ 37°С-ТАН ЖОҒАРЫ БОЛСА
- ЖІТІ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АУРУЛАР
- СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ ЖӘНЕ АЛЛЕРГИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯЛАРДЫҢ АСҚЫНУЫ
- ДӘРІГЕРДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУІНЕН ӨТПЕУ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРДІҢ БОЛУЫ

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:  
\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;  
\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;  
\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!  
«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:  
\* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;  
\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.

### ТМРК – Алматы қ. Департамент жария тыңдауға шақырады

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті «Компания «РЕАЛ-сервис» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және жабдықтау реттелетін қызметіне тарифті және тарифтік смета жобасын талқылау бойынша тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғаларды жария тыңдауға шақырады.

«Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитар-дәрігерінің 02.04.2021 жылғы №15 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитар-дәрігерінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі №16 қаулысының 1-қосымшасының 51-тармағына сәйкес, ойын-сауық, бұқаралық іс-шаралар, отбасылық, естелік іс-шаралар, еске алу, конференциялар, форумдар, жиналыстар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізуге тыйым салынғанын атап өткен жөн.

Баяндалғанның негізінде және қоғамдық денсаулықты сақтау мақсатында жария тыңдау 2021 жылдың 16 шілдесінде сағат 15.00-де онлайн-режимде өтеді:

– Департаменттің Facebook-тегі ресми парақшасында (<https://www.facebook.com/dkrem.almaty>);

– ZOOM платформасында 562 674 9779 идентификаторы бойынша пароль 1234.

Байланыс телефондар: Департамент – 8(727)271-66-39, «Компания «РЕАЛ-сервис» ЖШС – 8(701)983-11-10.



Санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи сандық технологияларды енгізу – 2021 жылғы Ұлттық санақтың басты жаңалығы.

Биыл азаматтарға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндіктері ұсынылуда.

1 қыркүйектен бастап [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) арнайы сайты жұмысын бастайды. Мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

Дәстүрлі жалпы аралау 1–30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады. Бұл кезеңнің жаңашылдығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалануы болмақ. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН-ін енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл ақпараттың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



# «ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде осы ұран аясында ұйымдастырылатын жалпыұлттық халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында өтеді

**САНАҚТАН ҚАЛАЙ  
ӨТУГЕ БОЛАДЫ**  
2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

**№1** [SANAQ.GOV.KZ](http://SANAQ.GOV.KZ) САЙТЫНДА

**№2** ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ КЕЛУІН КҮТУ

**№3** НҰСҚАУШЫЛЫҚ УЧАСКЕГЕ БАРУ

**№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН  
ӨТКЕНДЕРҮШІН**  
санақтан өткендігі туралы  
хабарлама нөмірін  
көрсету жеткілікті

**23 000-НАН АСТАМ  
ИНТЕРВЬЮЕР**  
еліміз бойынша  
БАРЛЫҚ ТҰРҒЫН  
ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ  
аралайды

**1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН  
АРАЛЫҒЫНДА**

**15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА**

**15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА**

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті хабарлайды: Мәліметтер тікелей жалпы ақпараттар базасына жіберіледі. Мәліметтердің құпиялылығы заңнамамен кепілдендіріледі.

Интервьюерде, яғни сұхбатшыда:

- мөрмен расталған тиісті куәлік;
- аралайтын нысандардың тізімі бар мобильді қосымшалы планшет;
- Ұлттық халық санағының символикасы бар көк түсті шарф пен портфель болады.

Сұхбатшы туралы қосымша ақпаратты [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім республика бойынша орналастырылған. Сонымен қатар, мобильді және стационар телефондары үшін бірыңғай нөмірі 1446 және 8 8000 800 878 call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады.

## САУАЛНАМА

# Көше әндері мен әншілеріне қалай қарайсыз?



Айдос ЯХИЯҰЛЫ,  
заңгер:

## Бағалайтын орында айтса игі

Көше әндеріне көзқарасым оң. Әсіресе, ескі әндерді орындап жатса, керемет. Ата-анамыздың жастық шағын, өзіміздің бала, бозбала күнімізді еске салады. Ол сонысымен де құнды. Бірақ оның қай жерде,

қандай уақытта айтылатыны маңызды секілді. Мәселен, ауруханалардың маңында немесе науқасы бар, қара жамылған үйлердің жанында айтылса, ыңғайсыз болады. Оны ол кезде ешкім жылы қабылдай қоймасы анық. Түнгі он бірден кейін елдің тыныштығына кедергі келтіріп жатса да, әдепсіздікке жатады. Әрі оған әкімшілік жауапкершілік те қарастырылған. Егер өнерпаздың мақсаты жұртқа талантын көрсету, өнерін паш ету болса, оны бағалайтын аумақта айтқаны дұрыс деп ойлаймын.

Көше әншілері алдына ыдыс қойып қояды. Айтпаса да белгілі, ол ақша салуға арналған. Енді бір адам оған өнерді бағалап тиын-тебен салса, келесі біреулер садақа ретінде береді. Меніңше, мұны реттеу өнерпаздардың қолында. Олар қайыр сұрап тұрмағандарын көрсетіп, «тірі», ширақ, көңілді өнер көрсетсе, көпшілік оны міндетті түрде бағалайды.



Арай ЖҰМАШҚЫЗЫ,  
«Хит ТВ» арнасының  
тілшісі:

## Таланттыларды табуға, тануға көмектеседі

Көше әндері дегенді екі түрлі мағынада түсінуге болады. Менің ойыма бірден көшеде туып, көпшілікке танылған әндер оралды.

Оларды бұрындары аға-апаларымыз ыңылдап отырып, музыкалық аспаптарға салып, өздері жанынан шығарған. Әрі олар кеңінен тарап, көпшілік жиналған жерде айтылатын бірінші кезектегі әндерге айналған.

Ал көшеде ән айтып тұратын адамдарға менің көзқарасым оң. Өйткені, олар танымал әндерді шебер орындайды. Оларды тыңдаған маған ұнайды. Сол үшін тоқтап, ерінбей тыңдаймын. Талантын бағалап, ақша беремін. Оны қайырымдылық деп емес, талантты бағалау деп білемін. Әрі жастар солай көшеде ән айтып жүріп, танымал болып кетіп жатыр. Мен оны қолдаймын. Егер адам ішіндегі талантын сыртқа шығарып, өнерін көпке көрсетсе, әрі одан ешкімге зиян келмесе, оның несі айып?! Меніңше, солайша талантты адамдарды көптеп табуға, тануға болады.



Ақтоты ТҰРСЫНБАЙ,  
кәсіпкер:

## Орындаушы атына лайық болуы тиіс

Бұл жерде әңгіме орындаушыға байланысты. Әжептеуір киініп, өзін жақсы ұстаса, онда көпшілік оған талантын бағалап, ақша береді. Көшеде ән орындайтынның көпшілігі ебіл-сахнада жүрген танымал әншілерден асып түседі. Жарты сағат тұрып тындадым. Қазақтың түрлі әндерін нақышына келтіріп ойнағаны сонша, театрда отырғандай демалып қалдым. Мен ғана емес, жан-жақтағы өтіп бара жатқандар да тоқтап, бәріміз концерт көргендей болдық. Ондайда ақша қалдырмай кете беруге де ұялады екенсің. Сөйтіп, бәріміз риза болып, алдындағы ыдысын ақшаға толтырдық. Мен соңғы 500 теңгемді беріп, өзім үйге жаяу қайтқанмын. Ол одан сайын шабыттанып, ән айтуын жалғастыра берді. Бірақ содан кейін сол жігітті көрмедім. Өйткені, ол менің күнде жүретін жолым еді. Өткен сайын қараймын, көрінбейді.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.